жұқтыруға әкелуі мүмкін).
Ішімдік пен есірткіге масаю кезінде жыныстық қатынаста болсаң.
Өйткені, мұндай кезде адам өзінің қылықтары мен жағдайды бақылай алмай, тіпті не істеп, не қойғандығын да білмейді.
Жыныстық серіктестеріңді жиі ауыстырған болсаң.
Бірнеше серіктесің болса.
Жыныстық серіктестерің көп болған сайын АИТВ мен ЖЖБИ ауруын жұқтыру қаупі жоғары болады. Сенің немесе сенің серіктесіңнің ЖЖБИ (мерез, соз, хламидоз, АИТВ) ауруы болса.
Сен қан тамырына енгізу үшін бөтен адамның шприцтері мен инелерін пайдаланған болсаң.
Бөтен зарарсыздандырылмаған шприцтерде әртүрлі жұқпалы ауру тудыратын микроағзалар мен АИТВ болуы мүмкін.

## Адамның АИТВ жұқтырғанын қалай білуге болады?

Адамның АИТВ-мен зақымданғандығын сыртқы келбетінен біле алмаймыз. АИТВ жұқпасын қанды зертханалық зерттеуге тапсыру арқылы ғана анықтауға болады. Ағзада қоздырғыштың бар екендігі қоздырғыштың табылғанынан емес, оған қарсы ендірілген антидене пайда болғанда анықталады. Көпшілік жағдайда АИТВ жұқтырылған соң 3 айдан кейін анықталады. Бұл кезең «терезе кезеңі» деп аталады, өйткені тест жүйесімен анықтау ағзаға антиденелердің керекті мөлшерде өндіру 3 айға дейін мерзімді қажет етеді.

## Сенен ЖЖБИ ауруы табылған жағдайда не істеуің керек?

Жыныстық жолмен берілетін 20-ға жуық жұқпалар бар. Кейбір ЖЖБИ ауруының белгілері ұзақ уақытқа дейін білінбейді (трихомониаз, хламидоз, АИТВ жұқпасы). Бұл жұқпалы ауруларды тек зертханалық жолмен анықтауға болады. Кейде бірден бірнеше ЖЖБИ анықталады және емделмесе, олар жойылмайды. Егер жыныстық жолдардан сұйықтық бөлініп, зәр шығару бұзылғанда жыныс мүшелерінде жаралар пайда болып, іштің төменгі жағы ауырса міндетті түрде дәрігерге қаралып, тексеруден өту қажет.

Қызылорда қаласы, З.Шүкіров к, 52 А
23-41-50 Сенім телефоны

ЖОО студенттеріне арналған бүктеме



# АИТВ және ЖИТС-тан қалай сақтану керек?

## Біз неліктен АИТВ және ЖИТС жайында айтуымыз керек?

Дүние жүзі ЖИТС жайында алғаш рет білгеніне 35 жылдан астам уақыт өтті. Жылдар өткен сайын індет барлық жерде таралып, оның зардаптары ойлағандағыдан әлдеқайда ауыр болды.

Әлемде АИТВ жұқпасымен әр минут сайын 10 адам тіркеледі. Ертең осы ортаға сен де, сенің бауырың да, әпкең, досың, сүйікті адамың да түсуі мүмкін ғой. Сондықтан әркім өзін және өзгелерді АИТВ жұқпасынан сақтай білуі керек.

## АИТВ дегеніміз не?

АИТВ – адамның иммунитет тапшылығының вирусы – ағзаны әртүрлі жұқпалардан қорғайтын қорғаныш жүйесін зақымдайды. АИТВ қорғаныс жүйесінің белгілі жасушаларын зақымдайды (Т-хелперлер).

## ЖИТС дегеніміз не?

ЖИТС – жұқтырылған иммунитет тапшылығының синдромы – АИТВ – мен байланысты туындайтын сырқат.

ЖИТС – АИТВ жұқпасының соңғы сатысы. Бүгінгі таңға дейін АИТВ және ЖИТС-тан толықтай айықтыратын дәрі-дәрмек табылмай отыр.

Қоздырғыш адам ағзасында өмір бойына қалады.

Өкінішке орай, кез-келген адам АИТВ жұқпасын жұқтырып алуы мүмкін, алайда жұқтыруға әкеп соғу жолдары туралы шынайы ақпаратқа сүйеніп, тәуекелден бас тартсаң, АИТВ және ЖИТС-тың таралуының алдын алуға болады.

## АИТВ төмендегі жолдармен жұғады:

1. Қан арқылы:

АИТВ-мен зақымданған донордың қанын құйғанда немесе мүшелері мен ұлпаларын салғанда. Қан тамырына есірткілерді енгізген кезде ине мен шприцтерді бірге қолданғанда.

Медициналық манипуляциялар кезінде зарарсыздандырылмаған құралдарды пайдаланғанда. Татуировка мен пирсинг жасаған кезде зарарсыздандырылмаған құралдарды пайдаланғанда.

2. Жыныстық қатынас арқылы:

Қорғаныссыз (мүшеқапсыз) жыныстық қатынас кезінде.

3. АИТВ жұқтырған анадан балаға берілуі:

АИТВ жұқтырған анадан баласына жүктілік кезінде, босанғанда және емізу кезінде.

## Қауіпке бас тіктің бе?

- Мүшеқапсыз жыныстық қатынаста болдың ба?
- Ішімдікке және есірткіге масаю кезінде жыныстық қатынаста болдың ба?
- Соңғы айларда сенің жыныстық серіктесің бірден артық болды ма?
- Сенің жыныстық серіктесің бір мезгілде бірден артық болды ма?
- Сенің жыныстық жолмен берілетін жұқпаларың болды ма?
- Сенің жыныстық серіктесіңде жыныстық жолмен берілетін жұқпалар болды ма?
- Сен бөтен адамның шприцтері мен инелерін қан тамырына енгіздің бе?

Егер сен бір сұраққа «иә» немесе «білмеймін», «есімде жоқ» деп жауап берсең, қауіпсіздігіңіз жайлы ойлануға тура келеді.

Сен тек АИТВ-ны ғана емес, басқа да жыныстық жолмен берілетін жұқпалы (ЖЖБИ) ауруларды жұқтыруың мүмкін, егер:

Мүшеқапсыз жыныстық қатынасқа түссең (бір ғана жыныстық қатынастың өзі

